

ISSN 1728-7898



Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казакский национальный педагогический университет имени Абая

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

“Әлем халықтары тілдері” сериясы.

Серия “Языки народов мира”

№ 1 (12)



Алматы, 2008

Түйін

Мақалада рухани-этикалық тақырыптағы мақалдардың орыс тілінде талдау барысы қарастырылады.

Summary

This article is about Russian phraseology matters, For example there is written about proverbs on moral-ethical theme.

ҚАЗАҚ МАҚАЛІ-МӘТЕЛДЕРІН ПРАГМАТИКАЛЫҚ ТҮРҒЫДАҢ ҚАРАСТЫРА ОТЫРЫПІ ФРАНЦУЗ МАҚАЛІ-МӘТЕЛДЕРІМЕН САЛЫСТЫРУ

Г.А.Жанұзақова -

*Абай атындағы ҚазҰПУ-дың роман және герман тілдері кафедрасының
француз тілі пәнінің оқытушысы*

Қазіргі тіл білімінің дамуы, адам факторларына бағытталған, оның өмір сүру ортасына, дәстүріне сай өмір сүру әрекетінің ескеретін тіл бірліктерінің қызметі мен алатын орнына баға берумен сипатталады. Бұл бағыттың өзі бірнеше салаға: этнолингвистика, социоллингвистика, психоллингвистика, прагмоллингвистикаға бөлінеді. Прагматикалық лингвистика саласы, прагматика ұғымының тіл біліміне енуімен бірге қалыптасады. Жалпы прагматика Прагматика терминін таңбалардың жалпы - теориясы – семиотиканы ағылшын ғалымы Ч.У.Морис енгізді. Ол семиотика ғылымын үш салада бөліп қарастырады: семантика, синтактика, прагматика.

Прагматиканың зерттеу саласына айналуына XX ғ. 60-70 жылдары Ч.С.Пирс идеяларынан кейін басталды. Оған, Ж.Остин, Ж.Р.Серл, З.Вендлердің логика-философиялық сөйлеу актілері туралы теориясы, Г.Грайстың мағыналардың прагматикалық теориялары және Л.Линский, Д.Серл, П.Страсонның референцияның прагматикалық теориясы әсер еткен. Прагматикалық аспект көзге көрінбей тек контекст арқылы ұғынылмайтын тілдің негізі сипаттарының бірі. Тіл бірліктерінің қолданысқа қарай прагматикалық мәнге ие болуы әлеуметтік-психологиялық, биологиялық шарттардың қатысуымен анықталады. Тілдік бірліктің прагматикалық аспектісі, оның ішкі тілдік сипаты емес, қарым-қатынаспен байланыста анықталатын белгі. Сонымен, прагматика-сөйлеушінің тілдік таңбаны, өз мақсатында бірнеше прагматикалық көрсеткіштерді есепке ала отырып қолданылуын зерттейтін тіл білімінің саласы. Бірақ, кейбір ғалымдардың тұжырымдауынша, прагматика семантиканың бір бөлшегі». Көрсетілгендей,

қарама-қарсы көзқарастар бар, сонда да прагматиканы тіл білімі саласында жеке сала деп қарау әлі де зерттеуді талап етеді. Сондықтан, адамзаттың ішкі және сыртқы жан дүниесін өзгертуін тілдік сөйлемше құралы ретінде қарастыру керек.

Тілдік жүйені когнитивті негізден алғанда-мағынаның сәйкес келу тәртібі, прагматикалық негізден когнитивті құрылымының сәйкес келуінің жүйесі. Жалпы фразеологияны семантика тұрғысынан қарастыратын болсақ, оның көрінісін мынадан көруге болады. Фразеологиялық семантиканың өзіндік ерекшелігінің негізінде, фразеологиялық бірліктердің екінші номинацияда бой көрсетуі жатады. Тілді құрай отыра, олар іс-әрекеттің фрагментін көрсетпей, объективті іс-әрекетті көрсететін екінші номинациядан сұрыпталған мағлұматты береді. Денотативті аспект тек ойлау, түсіну іс-әрекетінің аспектісін көрсетеді. Фразеологиялық бірліктің маңыздылығына ерекше орынға коннотативті аспект ие.

Фразеологизмнің адамға сымантикалық тұрғыдан бағытталған коннотативті маңыздылықтың орны ерекше. Ол адамды суреттейтін мінезі, жүріс-тұрысы, түрі, іс-әрекеті, адамдармен қарым-қатынасты, қасиеттері т.б. бағалайтын категорияларын көрсетеді.

Бағалайтын компонент, демек жағымды және жағымсыз қасиеттер фразеологизмдердің белгісі болғандықтан, фразеологиялық бірліктің маңыздылығының негізі болып табылады. «Әртүрлі әлемдік мәдениетте және әртүрлі уақытта жақсылық пен жамандық, жағымдылық пен жағымсыздық әртүрлі түсініледі. Бір қоғамдағы адамдар бір құбылысты әртүрлі бағалайды, себебі ортақ әр қиялы көзқарастар бар, соған байланысты жағымды және жағымсыз бағалар фразеологиялық бірлік маңыздылығын құрылысына кіреді». Әр ұлт немесе халық өзінің бағалау категорияларына ие: «бағалау адамзаттың өзіндік категория қатарына кіреді. Оның берілуі адам болмысының дене бітімімен, ойлау қабілетімен, өмір сүрумен, сезімімен, оның іс-әрекетімен, басқа адамдарға деген қарым-қатынаспен, өнерді қабылдаумен бағаланады». Бағалау біріншіден психоллингвистикалық құбылыс, өйткені когнитивті іс-әрекеттің нәтижесін көрсетеді.

Фразеологиялық салыстыруларда бағалау компоненттердің мынадай үш топқа бөлініп көрсетуге болады:

1. Жағымды бағаланатын фразеологиялық салыстыру:

C'est dans le malheur (est bon) qu'on connait ses amis.

Дос көтерер көңілді, мал көтерер өлімді.

L'homme riche ne sait qui est son ami.

2. Жағымсыз бағаланатын фразеологиялық салыстыру:

Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас,

Жаман адамға мал бітсе, жанына қоныс қондырмас.

3. Орташа (жағымды да жағымсыз да емес) бағаланатын фразеологиялық салыстыру:

Жытырағанның бәрі алтын емес.

Tout ce qui brille n'est pas d'or.

Негізінен, бұл үш топқа бөлінген мақал-мәтелдерден байқайтынымыз, бірінші, жағымды салыстыру, екінші, жағымсыз салыстыру, үшінші, орташа салыстыру болғанымен, олар бір ортақ семантикалық бірлікті беріп отырған мақалдар. Сондай-ақ, әр елдің өмір сүру тәжірбиесіне кездесетін ұқсастықтан бірдей мақал-мәтелдің шығуы мүмкін. Мәселен, балық аулау кәсібімен қазақтар да, француздарда айналысады. Балықтың басынан шіритіні екі елдің де балықшыларына өмір тәжірбиесінен аян. Соған орай, қазақ тілінде «балық басынан шіриді», ал француз тілінде «Le poisson commence à sentir par la tête» деген мақалдар кәсіпке байланысты екі тілде де бірдей семантикасын көрсетеді. Әртүрлі топқа жататын екі тілдің мақал-мәтелдерінің лексикалық компоненттерінің айырмашылығы үлкен бола тұрса да, семантикалық бірлігі, ұқсастығы да бар. Бұл ерекшеліктерді әр халықтың бір құбылысты әртүрлі сөзбен жеткізуінен байқаймыз. Мысалы, қазақ тілінде «Жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас», ал француз тіліндегі эквиваленті «Une hirondelle ne fait pas le printemps».

Прагматиканың негізгі міндеттерінің бірі сөйлемдердің дұрыс қолдану ережелерін қалыптастыру. Сөйлеушінің ақыл-парасаттылығы, ой-санасы, тіл ұшқырлығы, т.б. сөйлеу тілінен байқалады. Мәселен, қазақ тілінде «Ат жүйрік асқа залал, Артық сөз басқа залал», «Тура айтып, туғаныңа жақпайсың», ал француз тілінде «La langue est un bon baton», «Un coup de langue est pire qu'un coup de lance» деген мақалаларды алуға болады.

Осыдан біз, фразеологиялық бірліктің категориялық белгісінің бірі – фразеологиялық тұрақтылықты көреміз. Сөйлеу кезінде сөйлемше мен мағынаның арасындағы ауыспалық фразеологиялық тұрақтылығын сақтайды.

1. Қайдаров Ә.Қ. *Қазақ тілінің тарихи лексикологиялық мәселелері.* - Алматы, 1996.

2. Турманжанов А. *Қазақтың мақал-мәтелдері.* - Алматы, 1998.

3. Кодухов В.И. *Общее языкознание.* - М., 1974.

4. Колонцей. *Французские пословицы.* - М., 1965.

Резюме

В данной статье рассматривается прагматическая сторона казахских поговорок в сравнении с французскими поговорками.

Summary

In this article is considered pragmatic parts of comparisity, kazakh proverbs with french proverbs.